

# Ғылым мен ұстаздықты ұштастырған



Ұстаз — ұлағатты ұғым. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға. Саналы ғұмырында осындай ұлы мамандықты таңдап, сан жылдар жүздеген шәкірт тәрбиелеген ұстаздардың бірі – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Нагима Тажмұханова**.

**Нагима Ерғалиқызы** бүгінде мерейлі 63 жасқа толып, құрметті зейнеттік демалысқа шығып отыр.

**Нагима Ерғалиқызы** 1983 жылы **С.Киров** атындағы ҚазМУ-дің тарих факультетін тәмамдап, еңбек жолын **Жетісай педагогикалық училищесінен** бастаған. 1987 жылдан бастап, 36 жыл бойы **М.Әуезов** атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінде шәкірт тәрбиелеп, «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасынан зейнетке шықты.

Ұстаздық қызметпен ғылымды ұштастыра білген **Нагима Ерғалиқызы** 2007 жылы **Әл-Фараби** атындағы ҚазҰУ-де тарих ғылымдарының докторы, профессор **Талас Омарбековтің** жетекшілігімен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін сәтті қорғап шықты. **Нагима Ерғалиқызы** **М.Әуезов** атындағы ОҚУ-нің «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының қалыптасуы мен дамуына, қазақстандық тарихшылардың жаңа буынының бой көтеруіне орасан зор үлесін қосты. Ғалым ретіндегі үлкен тәжірибесі мен жоғарғы кәсіпқойлығы, университеттің халықаралық байланыстарын қалыптастырудағы белсенді әрекеттері **Нагима Ерғалиқызының** кафедра мен факультеттегі әріптестерінің арасындағы беделді, университеттің ғылыми ортасында абыройлы болуына себепкер болды.

**Нагима Ерғалиқызы** 70-тен астам монография және ғылыми еңбектің авторы. Мақалалары **Қазақстан, Ресей, Беларусь, Түркия, Италия** елдерінде жарық көрді.

Құрметті ұстазымыз **Нагима Ерғалиқызы!** Сізді 63 жас мерейтойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт пен береке, отбасыңызға амандық тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

Ізгі ниетпен, **М.Әуезов** атындағы ОҚУ «Тарих және география» мамандығын 2003 жылы бітірген ПО-99-2к3 тобының түлектері